

Батпенова Г.Р., Круглова Л.С., Туир Г.З., Алгазина Т.О.
авторлар тобы әзірлеген «Псориаз» оқу құралына

РЕЦЕНЗИЯ

Бұл оқу құралы қазіргі таңдағы дерматологиядағы маңыздылығы жоғары, өзекті ауру псориаз бойынша жазылған. Осыған дейінгі айқындалған ақпараттарды қамти отыра, жаңа тың деректер мен зерттеулерге сүйене отырып жазылған.

Оқу құралы псориаз ауруына қатысты жан-жақты нұсқаулық береді. Әртүрлі емдеу әдістерістерінің тиімділігін көрсететін нақты өмірдегі пациенттердің оқиғалары мысалға алынған.


Оқу құралы жалпы VI тарауды құрайды. Оқу құралы ішінен сіз псориаздың әртүрлі түрлері мен кезеңдеріне жеке емдеу түрлерін таба аласыз. Адам денсаулығы үшін теріге қажетті күтім мен кеңестер және өмір салты бойынша тәжірибелік практикаларға толы.

Соңғы уақыттағы деректер бойынша қазіргі уақытта дәрі-дәрмектерді қабылдау салдарынан туындаған псориаздың өршуі жиі кездеседі. Науқастардың ешқандай негізсіз антибиотиктер, қабынуға қарсы препараттарды, биологиялық белсенді заттар және тағы басқа дәрумендерді пайдалану салдарынан қазіргі уақытта әртүрлі асқынулар болып жатқандығы V тарауда, нақты себептері мен нәтижесін көрсете отырып қамтылған.

2019 жылдың желтоқсанында Қытайда жаңа коронавирустық инфекцияны (COVID-19) жұқтырудың алғашқы жағдайлары пайда болып, біздің елімізде жеткен инфекцияның қазіргі уақытта дерматология саласына да өз әсері бар екендігі және де оның псориаз ауруымен байланысы жөнінде қамтылған. COVID-19 коронавирустық инфекциясының псориазбен ауыратын науқастар үшін қауіптілігі және псориаз бойынша ем алып жүрген науқастар арасында иммундық жауап толықтай қамтылған. COVID-19 коронавирустық инфекциясына қарсы алынған вакцинацияның псориаз ағымына әсері көрсетілген.

Бұл оқу құралы псориаз бойынша соңғы ақпараттарды толықтай баяндай отыра, ауруды жаңаша емдеу мен алдын алу өзгерістері туралы мағұлмат береді. Оқу құралы жоғары медициналық оқу орнының резиденттеріне, дәрігер дерматовенерологтарға, жалпы тәжірибелік дәрігерлерге псориаз ауырымен толық деңгейде танысуына мүмкіндік береді.

«Астана Медицина Университеті» КеАҚ
№ 4 Ішкі аурулар кафедрасының доценті,
медицина ғылымының кандидаты



Иманбаева Н.Д.
Астана Медицина Университеті
Оқу-ағарту
және ғылым
басқармасының
басшысы